

Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын немесе оның аумағына әкелінетін вексель қағазына қойылатын талаптарды белгілейтін ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 31 наурыздағы N 79 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 7 мамырда тіркелді. Тіркеу N 1494. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы № 237 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.08.24 № 237 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы вексель айналысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын жүзеге асыру мақсатында" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2004.09.13 N 120 қаулысымен.

1. Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын немесе оның аумағына әкелінетін вексель қағазына қойылатын талаптарды белгілейтін ереже бекітілсін, Ереже және осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күндік мерзім өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Монетарлық операциялар департаменті (Әлжанов Б.А.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасының аумағында шығарылатын немесе оның аумағына әкелінетін вексель қағазына қойылатын талаптарды белгілейтін ережені (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулы және Ереже Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі б а н к т е р г е ж і б е р с і н .

3. Халықаралық қатынас және жұртшылықпен байланыс басқармасы (Мартюшев Ю.А.) осы қаулы және Ереже Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік

2) бет жағы мен сырт жағындағы түсті бейнелер - жіңішке сызықтардан құралған, солғын түсті бояулармен басылған, тор (қиылысатын екі-үш гильошир тор) түрінде салынған сурет. Негізгі түс тұйықталған, жеткілікті ашық жер қалдыру үшін және элементтер арасында байланыс болуы үшін қажет. Негізгі түстің сызықтарынан тұратын, қалыңдығы біркелкі етіп салынған суреттер ою-өрнек сипатында болуы мүмкін;

3) штрихті сурет - белгілі бір бөліктерін қарайтуға болмайтын нәзік штрихтер арасы барынша жақын етіп жасалған сурет;

4) микроәтін - сөздердің арасына ашық жер қалдырылмай жазылған, әріптердің биіктігі 0,2 - 0,3 мм-ден аспайтын жолдар, ол қандай да бір суретті көмкеріп тұратын не жиектің өзі ретінде қолданылатын, сондай-ақ негізгі түс түрінде құрастырылатын жиек элементтерінің ортасына орналастырылады.

4. Қорғаныш нысанының физикалық-химиялық (арнайы) нысанына вексель қағазына қойылатын талаптар:

- 1) қағаздың ұзын торлы немесе дөңгелек торлы су тамғы белгісі;
- 2) қағаздағы көрініп тұратын арнайы талшық;
- 3) спектр аймағы - УК арқылы көруге болатын қағаздағы арнайы талшық;
- 4) қорғаныш (пластика, магнитті, металл қосылған) жіптердің болуы;
- 5) индикаторлық қоспалардың болуы;
- 6) жарық түскен кезде сәулеленіп тұрмауға тиіс.

5. Осы Ережеде көзделген вексель қағазын қорғау нысандарынан басқа вексель қағазын шығаратын не оны Қазақстан Республикасының аумағына әкелетін тұлғалар вексель қағазын қорғайтын басқа да көзге көрінетін және көрінбейтін қосымша элементтерді қабылдауы мүмкін.

6. Вексель қағазын шығарушы тұтынушыға құжатты вексель қағазының әрбір тобына барлық қорғаныш элементтерінің және оларды анықтау тәсілдерінің толық талдамасымен қоса беруге міндетті.

7. Вексель қағазының мәтіні (вексель бланкі) мемлекеттік тілде және орыс тілінде жасалуға тиіс.

8 . < * >

Ескерту: 8-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 27 тамыздағы N 93 қаулысымен .

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК